


Мәнісі жоғары Жолдау



Р. АЙМАҒАМБЕТҰЛЫ,
Ы.Алтынсарин атындағы Арқа-
лық педагогикалық институты
«Рухани жаңғыру» жобалық
кеңсесінің директоры

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы Халыққа Жолдауында да қазақстандықтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы да назардан тыс қалмады. Сонымен қатар халықтың рухани-мәдени дамуына да талдау жасалып, жақын уақыттарда атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

Президенттің қозғаған басты тақырыптарының бірі – білім мен ғылым болды. Білім мен ғылымды елді алға сүйрейтін негізгі күш дейтін болсақ, бұл мәселеге немқұрайлы қарауға болмайды. «Бір мектеп – жүз тағдыр, Ұстаздың жүгі зуыр» деп халық бекер айтпаса керек. Елдің болашақ тағдырын сенімді түрді келер ұрпақтың қолына беру үшін алдымен олардың білім деңгейі жоғары болуы шарт. Ал оларға білім нұрын себетін бірден-бір тұлға – мұғалім, ұстаздар қауымы. Олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеру – мемлекет саясатының қай уақытта болмасын басты бағыттарына айналып отыр.

Ел басшысының көтерген екінші мәселесі – тіл мәселе-

сі. Өткен ғасырдың басында алаш қайраткерлері қозғаған бұл тақырып әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен емес. Елімізде соңғы кездері тілге байланысты айтылып жүрген келеңсіз, түсініксіз пікірлерге Президент нүкте қойған секілді. Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Ол – қазақ тілі. Оны Қазақстанның әрбір азаматы құрметтеуге, сыйлауға және үйренуге тиіс. Тілді сыйламаған адам ұлтты сыйламайды. Себебі «тіл – тарих, тіл – мәдениет, тіл – өнер, тіл – әдебиет». Бұл не деген сөз. Сол елдің тарихын, мәдениетін, өнерін, әдебиетін, болмысын білгің келсе, алдымен сол ұлттың тілін біл дегенді білдірсе керек деп ойлаймын.

Үшінші мәселе, бұл – зиялы қауым мәселесі. Жоғары білімі барлардың барлығын бұл топқа жатқыза беруге болмайды. «Зиялы қауым дегеніміз кімдер?» деген сұраққа кезінде алаш қайраткерлерінің бірі Мұстафа Шоқай анықтама беріп кеткен болатын. «Ұлт зиялысы дегеніміз – сол өзі шыққан ұлттың бар жақсы қасиетін бойына сіңірген; кісілік парасаты биік; халқының мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қойып, саналы ғұмырын соған қалтқысыз қызмет етуге арнаған; ұлттық дамудың мүддесін көздейтін әлеуметтік мұраттарды алға шығарып, қолдап, қорғап отыратын; осы жолда кездескен қиындыққа қаймықпай қарсы тұрып, қажет болса мақсатты ісінің жолында күресіп, құрбандыққа бара алатын, рухы биік, ары таза, қайраткер адам». Қазіргі біздің қоғамымыздағы өздерін зиялы санайтын осы топ адамдарының іс-әрекеттері анықтамаға сәйкес пе екен? Сұрақ көп, жауап жоқ. Қиындау. «Зиялылардың еңбегі марапатымен емес, салиқалы сөзімен және нақты ісімен бағалануы керек» деп Президент дұрыс айтып отыр. Ұлтқа, елге, халыққа жаны ашитын зиялы қауымның өзін көрсететін уақыты келді.

Жолдауда көтерілген мәселелер көп. Көрсетілген бағыттар еліміздің өркениетті қоғамға қадам басып, алдыңғы қатарлы елдердің санатына іліуге сеп болады деп үміттенеміз.